

1992 жылғы 13 қарашадағы Шекара әскерлері қолбасшылары кеңесінің Үйлестіру қызметін қаржыландыру үшін үлестік жарналарды аудару тәртібі мен көлемі туралы келісімнің әрекетін тоқтату туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 қарашадағы N 1049 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1992 жылғы 13 қарашадағы Шекара әскерлері қолбасшылары кеңесінің Үйлестіру қызметін қаржыландыру үшін үлестік жарналарды аудару тәртібі мен көлемі туралы келісімнің әрекетін тоқтату туралы хаттаманың ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. 1992 жылғы 13 қарашадағы Шекара әскерлері қолбасшылары кеңесінің Үйлестіру қызметін қаржыландыру үшін үлестік жарналарды аудару тәртібі мен көлемі туралы келісімнің әрекетін тоқтату туралы хаттамаға қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 2

қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 0 4 9

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

1992 жылғы 13 қарашадағы Шекара әскерлері қолбасшылары кеңесінің Үйлестіру қызметін қаржыландыру үшін үлестік жарналарды аудару тәртібі мен көлемі туралы келісімнің әрекетін тоқтату туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 1992 жылғы 13 қарашадағы Шекара әскерлері қолбасшылары кеңесінің Үйлестіру қызметін қаржыландыру үшін үлестік жарнаны аудару тәртібі мен көлемі туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшыларының кеңесі 2006 жылғы 25 мамырдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ТМД органдарын ұстауға Тәуелсіз

Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үлестік жарнасын есептеу тәртібі мен көлемі туралы шешім қабылдауына байланысты 1992 жылғы 13 қарашадағы Шекара әскерлері қолбасшылары кеңесінің Үйлестіру қызметін қаржыландыру үшін үлестік жарналарды аудару тәртібі мен көлемі туралы келісімге қатысушылардың әрекеті тоқтатылғанын атап көрсетеді.

2-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

2008 жылғы _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасының
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қы р ғ ы з
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Тәжікстан Республикасының

Өзбекстан Республикасының

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң